

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ					
Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)	“Бөбек лүпілі” жеке меншік балабақшасы				
Топ/сынып	Кіші топ				
Тобы, топтың реттік саны, атауы	“Балдырған”				
Балалардың жасы	2 жасар балалар				
Педагогтің аты-жөні	Бекишева М:А				
Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)	03.04- 07.04.2023 ж.				
Апта күндері	<i>Дүйсенбі</i>	<i>Сейсенбі</i>	<i>Сәрсенбі</i>	<i>Бейсенбі</i>	<i>Жұма</i>
Күн тәртібі					
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (сөйлеуді дамыту)				
Ата-аналармен	Әңгімелесу: "2-3 жасар балалар үшін үстел ойындарын таңдау ерекшеліктері", "Ойыншықтардың материалдары				

әңгімелесу, кеңес беру	мен сапасы", "Ойыншықтар не үшін керек?".				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттер. Балаларға табиғат бұрышындағы өсімдіктерді суару не үшін қажет екенін айтқызу; балалардың сукұйғышты ұстап, өздігінен суаруларын қадағалау; өсімдіктердің гүлдегенін байқату.	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттер. Жуыну бөлмесінде жуыну әдебін игерту: қолдарын өздігінен сабындауды, су ағымы астына қойып, уқалау қадағалау; өз орамалын тауып, сүртіп, орнына іле білуге дағдыландыру; қолының тазалығын байқауға ынталандыру, мақтау.	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттер. Ойын бұрыштарында тұрған ойыншықтарды өз еркімен алып, өзге баламен бөлісіп, алмасуға ынталандыру; ойын әрекеттерін жасауды қадағалау; ойнап болғаннан кейін ойыншықты өз орнына жинау әдебін бекіту, мақтау; ойнамау себебін айтуға үйрету ("ойнап болдым").	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттер. Үстел ойындары сөресінің шаңын сүртуге ынталандыру, ойыншықтармен тазалықта ойнау туралы түсіндіру; ойыннан кейін ойыншықтарды сөреге тізімдеп қоюға, ұсақ бөлшектерді өз қораптарына сала білуге дағдыландыру; әрекеттердің барысын қадағалау, мақтау.	"Еңбекке баулу" Мақсаты. Табиғат бұрышындағы өсімдіктердің жапырақтарын (күлгін, бальзамин) сумен бүрку үлгісін көрсету; жапырақтардың таза болғанын байқату.
	Құрылыс материалдарынан құрастыру жаттығуы. "Зымыран".	«Зымыран» жаттығуы (құрылыс материалдарынан) Мақсат-міндеттер.	Тақпағын өлеңін мәнерлеп оқу. Аспан, аспан, арайлым! Саған жиі қараймын,	«Суретті жина» дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер: кескіндерден тұтас	Ритмикалық жаттығу Біз зу-зу ұшақ боламыз (саусақтарды

	Мақсат-міндеттер. Балаларды текшелер, призма және цилиндр құрылыс материалдарынан зымыран құрылысын жасауға дағдыландыру; жасалған әрекетінен жағымды әсер ала білу қабілетін дамыту. Педагог балаларға зымыранның құрылыс үлгісін көрсетеді, көркем сөзді оқып береді; балалардың бірі құрылысты жасап болғаннан кейін тақпақты қосылып оқи алады. Биік-биік көк аспан, Көк аспанда сұр қыран. Қараннан да озады Ғарыштағы зымыран.	Балаларға зымыранды текшелерден, призмалардан және цилиндрлік құрылыс материалдарынан құрастыра білуге баулу; жасалған жұмыстан жағымды әсер алу қабілетін дамыту. Педагог балаларға зымыран құрастырудың үлгісін көрсетеді, көркем сөз оқиды; балалардың бірі құрылыс жасағаннан кейін өлең оқи алады. «Зымыранды ұшыру» ойыны Зымыранды ұшырамыз «У-у-у» Моторын қос «Р-р-р» Мотор от алды «У-у-у» Ғарышқа ұштық «Ж-	Сені көзбен шоламын, Мен ғарышкер боламын! (сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)	суретті құрастыруды үйрету. Шарты. Қиылған бөліктерден тұтас суретті құрастырады және атауын атайды. 1. ғарыш 2. жұлдыз 3. зымыран 4. ай 5. планета 6. күн (сөйлеуді дамыту, сенсорик)	жоғары-төмен қозғау), Моторды қыздырып аламыз (кеуде алдында бүгілген қолдарды өзара айналдыру). Қанатты түзу жайып (қолдарды екі жаққа тік жаю), Аспанға биік ұшамыз (екі қолды жайып, ойын алаңында жан-жаққа жүгіріп "ұшу") -Зуууу! Зуууу! Балалар педагог соңынан әуен ырғағына, сөздерге сай қимылдайды. (сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)
--	---	---	--	---	---

	Зуылдайды тыныштықта, Басы үшкір, бұрыштай, Күміс түсті денесі Жылтырайды қылыштай. Д. Ахметова (сөйлеуді дамыту, сенсорика, қоршаған ортамен танысу)	Ж-Ж» (сөйлеуді дамыту, сенсорика)			
Таңертеңгі жаттығу	Жалпы дамытушы жаттығулар. 1. Бастапқы қалып: жерде аяқтың арасын ашып отырып, орамалды ұшынан екі қолмен ұстау; 1–1 орамалды жоғары көтеріп, тізеге қою; 1–2 бастапқы қалыпқа келу (4-5 рет қайталау). 2. Бастапқы қалып: тік тұрып, аяқты иық деңгейінде қою, орамалды екі ұшынан екі қолмен ұстау; 2–1 еденге еңкейіп, орамал ұстаған қолды еденге тигізу; 2–2 бастапқы қалыпқа келу (3-4 рет қайталау); 3. Бастапқы қалып: тік тұрып, аяқты иық деңгейінде қою, орамалды екі ұшынан екі қолмен ұстау; 3–1 бір аяқты жоғары көтеріп, тізені бүкпеуге тырысып, орамал ұстаған қолға жақындату; екінші аяққа да осы жаттығу қайталанады. 3–2 бастапқы қалыпқа келу (3-4 рет қайталау); 4. Орамалды бір қолға ұстап, бірінің артынан бірі жүгіру. Бірінің артынан бірі жай жүріп, орамалдарды орындарына қою. (дене шынықтыру)				

Таңғы ас	Гигиеналық дағдылар Мақсат-міндеттер. Баланың тамақтануы кезінде баланы қолдайтын жағымды көңіл-күй тудыру. Балалардың беті - қолдарын жуғызу, таңғы асқа отырғызу. Ас ішу мәдениетімен таныстыру. Қасық, шанышқыны дұрыс қолдануға үйрету. Ас-су ішкенде сөйлемей. Тамақтанып болған соң "рақмет" айту. Жуыну кезінде қолдарын (алақандарын бір-біріне үйкелеу) және бетін алақандарымен жуу, ересектердің көмегімен беті-қолдарын сүрту. <i>Көркем сөз</i> Су-өмір жүрегі Денсаулық тірегі. Шөлдесең , қанасың. Жуынсаң, тазасың. (мәдени-гигиеналық дағдылары, көркем сөз)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Балалардың жағымды көңіл-күйлерін қамтамасыз ету үшін бәсеңдеу дыбыста салмақты әуенжазбасын қосу. Ғарышкер боламыз, Дос тауып, жұптасамыз. Ғарышқа ұшамыз, Алыс жұлдыздардан асамыз. Алақай! (сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)				
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Дене шынықтыру "Ғарышқа алыс самғайық!" Мақсат-міндеттер. Балаларды секіріп, жоғарыдағы затқа қолды жеткізуге үйрету; жоғары секіру кезінде денені	Музыка "Ғарыштағы ғажайып". Мақсат-міндеттер. Балаларды әуенді тыңдау кезінде әндегі сөздің мағынасын түсіну және музыкалық	Дене шынықтыру "Ғарыш әлемінде". Мақсат-міндеттер. Балаларды сапқа тұрғызып, бірінің артынан бірін қолдарындағы түрлі-түсті жалаушаларын желбіретіп жүргізу,	Дене шынықтыру "Ғарыш шегіне жетейік". Мақсат-міндеттер. Балаларды баскетбол доп салғышына жоғары секіріп, қолды жеткізуге және жоғары секіру	Сенсорикадан ойын-жаттығу "Ғарыштағы бояулар". Мақсат-міндеттер. Балаларды геометриялық пішіндерге жатпайтын пішіндер

	кеңістікте ұстай отырып, көздеген нысанадағы затқа жете білуге машықтандыру; өз дене мүшелерін игере білу қабілетін қалыптастыру. Балалардың секіріп, жоғарыдағы затқа қолды жеткізу қабілетін дамыту; жоғары секіру кезінде денені кеңістікте ұстай отырып, көздеген нысанадағы затқа жете білу дағдыларын меңгерту; жоғары секіруде қол, дене, аяқ бұлшық еттерін жетілдіру; секіру кезінде қауіпсіздік ережелерін сақтай білуге үйрету.	фрагментті басынан аяғына дейін мұқият тыңдай білу қабілеттеріне үйрету; жоғары және төменгі дыбыстарды ажыратып, ән айту дағдыларын қалыптастыру; ырғақты қимылдарды музыкамен бірге бастап, соңғы дыбыста бірге аяқтай білуге үйрету; би қимылдарын заттармен жасауға үйрету; музыкалық ойындағы кейіпкердің қимыл-әрекетін мазмұнды бере білу қабілеттерін қалыптастыру; саусақтардың қимылын тез ауыстыра білу дағдысына үйрету; ойындарды ережесін	шашырай жүгіріп кіру жаттығуларын орындату; балаларға арналған баскетбол доп салғышына жоғары секіріп, қолды жеткізуге және жоғары секіру кезінде денені кеңістікте ұстай отырып, көздеген нысанадағы затқа жете білу техникасын жетілдіру; ғарыш әлемі және ұшқыш туралы білімдерін толықтыру.	кезінде денені кеңістікте ұстай отырып, көздеген нысанадағы затқа жете білу техникасын пысықтау; көздеген нысанадағы затқа жетуде епті, жылдам, шапшаң болуға тәрбиелеу.	мен кескіндердің қасиеттерін ажырата білуге үйрету; әртүрлі заттардағы түстер сәйкестігін байқап, топтауға дағдыландыру; бірнеше түстердің қосындысы нәтижесінде жаңа түстердің пайда болуын байқау қасиетін қалыптастыру.
--	---	--	--	---	---

		сақтап ойнауға үйрету; қол-саусақ қимылдарын педагогтың көрсетуі бойынша қайталауға үйрету; тыныс алу жаттығуларын дұрыс орындай білуге жаттықтыру; шулы музыкалық аспаптарда ырғақты ойнай білуге үйрету; ғарыш туралы түсінік беру.			
Серуенге дайындық	Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Серуен	Адамның жүру және секіру қимылдарын бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттер. Балалардың назарын адамның жүруі және секіруінің қимыл ерекшеліктеріне аударту; қимылды	Қоян ойыншығын бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттер. Балалардың көңілін қоянның сұр терісінің түсінің басқа түске өзгеру құбылысына аудару, қоянның ұзын	Топырақты бақылау. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу) Мақсат-міндеттер. Балаларға топырақтың дымқыл не құрғақ болғанын көрсету, жалпы ұғымдарын қалыптастыру;	Желді бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттер. Балаларды, бұтақтарға қарап, желдің болғанын байқауға үйрету; байқағыштыққа, зеректікке тәрбиелеу.	Бұлтты аспанды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттер. Балаларға күн райының бұлтты болуы туралы ұғымдар беру, аспанның түсі көгілдір емес, сұр

жаттығулардан жағымды әсер алуға тәрбиелеу. - Кел, балақай, қатарға, Біз шығамыз сапарға. Сап түзеп, алға жүріп, Көңілді шапалақ соғып. - Алақай! Алақай! - Балалар, біз қазір қандай қимылдар жасадық? Педагог сұрақ қойған сайын, қимыл үлгісін көрсетіп жатады. - Жарайсыңдар! Біз алдымен жүрдік, одан кейін секірдік. - Біз бір аяқпен секірдік пе? - Біз екі аяқпен секірдік. Жарайсыңдар! - Олай болса, жүріп те секірейікші. Еңбекке баулу	құлағы, қимылдары туралы ұғымдарын бекіту; айтылған көркем сөздерді естіп, қоянның қимылының соңынан еліктеуге ынталандыру, жасалған жаттығудан жағымды әсер ала білу қабілетін дамыту. Педагог қоян ойыншығын көрсетіп, оның сыртқы сипатын байқатады. - Балалар, біздің қонығымызды таныдыңдар ма? Бұл не? - Жарайсыңдар, бұл қоян. - Қоянның ұзын құлақтары бар. - Қоян құлықтарымен қалай қимылдайтынын	құрғақ жермен жүруді ұсыну. Педагог дымқыл топыраққа табанын басып, балаларға табанға балшықтың жабысқанын көрсетеді. - Балалар, біз дымқыл жерді басып жүрсек, табанымыз кірлейді. Абайлаңдар! Құрғақ жермен жүрейік. Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды құмның бетін ағаштан түсіп қалған ұсақ қоқыстардан тазалауға шақыру. (еңбек дағдылары) Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру;	- Балалар, ағаштарға қарандаршы. - Бұтақтары шайқала ма? - Бұтақтары шайқалғаны нені білдіреді? - Иә, жел соғып тұр. - Жарайсыңдар. "Көктем тойын бастады". Төнді балқып күн қызып, Жылу алды көктен жер Қардың астын су бұзып, Есті жылы өкпек жел. М. Жаманбалинов Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды ағаштан түсіп қалған ұсақ, құрғақ бұтақтарды жинауға шақыру. (еңбек дағдылары) Мақсат-міндеттер:	екенін байқату, бұлттардың сұр болса, жаңбыр жаууы мүмкіндігін туралы байқату. - Аспанды тез бұлт алды, Ақ жаңбыр бір тыңбайды. Енді талдың бұтағы Бұрасаң да сынбайды. М. Достанов Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды учаскедегі орындықтарды қылшақтар арқылы құмнан тазалауға шақыру. (еңбек дағдылары) Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге
--	---	--	--	--

	тапсырмалары: балаларды сұхбатхананы тазалауға шақыру. (еңбек дағдылары) Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге, тазалыққа баулу; жағымды эмоцияларды дамыту. "Құлыншақтар" қимылды ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер. Балаларды құлыншақтардың қимылдарына еліктеуге машықтандыру; сигнал бойынша жан-жаққа бағыттау	көрсетейікші. - Қоян қалай секіретінін көрсетейікші. Жарайсыңдар! - Барлығымыз көрсетейікші. Жарайсыңдар! - Қараңдаршы, қоян, бізді ойынға шақырады. Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды учаскедегі орындықтарды қылшақтар арқылы құмнан тазалауға шақыру. (еңбек дағдылары) Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге, тазалыққа баулу;	топтастырымен бірге әрекет етуге баулу; тазалық әдетін дамыту. "Сағаттар" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер. Балаларды белгілі қимылдарды жасауға жаттықтыру; сигнал бойынша сапқа жиналып, педагогтің соңынан жүру дағдыларын жетілдіру, кеңістікті бағдарлауға үйрету; сағаттың жүрісі туралы алғашқы ұғымдарды қалыптастыру, жағымды эмоцияларға бөленуге ынталандыру. Педагог балаларға сағаттың қимылын	балаларды қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; тазалықты сақтауға деген қызығушылықты арттыру; еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. "Үйректің балапандары мен күшік" қимылды ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер. Балаларды ойын желісін түсініп, кейіпкерлерге еліктеп қимылдуға үйрету; жүгіру және секіру дағдыларын жетілдіру. Педагог балаларға кейіпкерлердің таңбалауыштарын үлестіреді. - Балалар, үйрек суда	әрекет етуге, тазалыққа баулу; жағымды эмоцияларды дамыту. "Күн мен жаңбыр" қимылды ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер. Балалардың "күн" және "жаңбыр" сигналды сөздер арқылы қимылдай білу қабілеттерін дамыту; жаңбыр құбылысы туралы білімдерін қалыптастыру. - Күн шықты – балалар ойнады. - Күн тығылды – жаңбыр жауды. "Шеңберге дәлде" ойын жаттығуы. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: балаларда нысанаға (допты) дәлдеп ата
--	---	---	---	--	--

	немесе бір жерге топтасып жиналу дағдыларын қалыптастыру; бір-біріне соғылмай жүгіруге үйрету; жағымды эмоцияларға бөленуге тәрбиелеу. Педагог балаларға құлыншақтың суретімен қалташаларды үлестіреді. - Балалар, бүгін біз құлыншақтай қимылдайықшы. - Құлыншақ шабады. Қараңдаршы. Педагог құлыншақтың қимылдарын көрсетеді, балалар қайталайды. - Жарайсыңдар! - Ал, енді менің соңымнан тақпақты қайталап,	жағымды эмоцияларды дамыту. "Бері шыға ғой, қоян!" қимылды ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер. Балалардың шеңбер бойымен жүріп, барлығымен топтасып, "Бері шыға ғой, қоян!" сөздерін айтып, көрсетілген қимылдарға еліктеу қабілеттерін жетілдіру. "Ирелендеген жолдармен" ойын жаттығуы. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: асфальт бетіне салынған (жерде жатқан арқан бойымен) ирелендеген сызықтардың	еркін тұрып орындауға, сигнал бойынша сапқа жиналып, жүруге шақырады, тақпақты оқи жүреді. "Тик-так". "Тик-так, тик-так, " Жүрсін сағат. Біз сағатқа ұқсап, Жүреміз: "тоқ-так". Д. Ахметова Ойын бірнеше рет өткізіледі. "Ирелендеген жолдармен" ойын жаттығуы. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: ирелендеген жолдардың бойымен жүруге жаттықтыру; арақашықты сақтауға баулу.	жүзуді ұнатады, былай қимылдайды. Педагог қолдарын сәл артқа салып, шағын адымдармен жүруді көрсетеді. - Қанекей, қайталайықшы. Жарайсыңдар. - Ал, күшік қалай қимылдайды? Көрсетіндерші. - Жарайсыңдар. - Балапандар, балпаңдаңдар! Басқа балапандардан қалмаңдар! Қаңқылдаймыз, қаңқылдаймыз: Қаңқ-қаңқ-қаңқ! Қаңқ-қаңқ-қаңқ! Ал күшігім жүгіреді, - Ап-ап-ап! Ап-ап! - үреді. - Сен, күшігім, соқтықпа! Үйректерді қорқытпа!	білу, ептілік, мергенділік қабілеттерін дамыту.
--	--	--	--	--	--

	кұлыншақтай шауып көрейік. "Құлыншақ". - Құлын, құлын, құлыншақ, Желкілдейді тұлымшақ. Маңдайында жұлдызы, Құйрығында құндызы. М. Жаманбалинов "Өз орныңды тап" қимылды ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: балаларды сапға (түзу сызық, жіп бойына) сигнал бойынша тізілуге, сигнал бойынша жан-жаққа шашырап жүгіруге дағдыландыру; зейінді болуға, шапшаңдыққа, достыққа тәрбиелеу.	бойымен жүруге жаттықтыру; арақашықты сақтауға баулу.		Алғашында педагог күшіктің рөлін өзі атқарады. Балалар жан-жаққа қашады. Соңғы сөздер айтылғанда бір жерге жиналады. "Көлшіктен өт" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: балаларды бір орнынан ұзындыққа екі аяқпен алға секіре білу қабілетін қалыптастыру; тепе-теңдік, ептілік, көзбен мөлшерлеу сезімдерін дамыту.	
--	---	--	--	--	--

Серуеннен оралу	Серуеннен кейін беті-қолды сумен тазалап жуу дағдысын бекіту. Сылдырлайды мөлдір су, Мөлдір суға қолыңды жу. Жуынсаң сен әрдайым, Таза бетің, маңдайың. (мәдени-гигиеналық дағдылар)
Түскі ас	Гигиеналық дағдылар Мақсат-міндеттер. Баланың тамақтануы кезінде баланы қолдайтын жағымды көңіл-күй тудыру. Балалардың беті - қолдарын жуғызу, таңғы асқа отырғызу. Ас ішу мәдениетімен таныстыру. Қасық, шанышқыны дұрыс қолдануға үйрету. Ас-су ішкенде сөйлемей. Тамақтанып болған соң "рақмет" айту. Жуыну кезінде қолдарын (алақандарын бір-біріне үйкелеу) және бетін алақандарымен жуу, ересектердің көмегімен беті-қолдарын сүрту. <i>Көркем сөз</i> Су-өмір жүрегі Денсаулық тірегі. Шөлдесең , қанасың. Жуынсаң, тазасың. (мәдени-гигиеналық дағдылары, көркем сөз)
Күндізгі ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай жасау.
Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары	Ұйқыашар жаттығулары. Керует жанындағы жаттығулар "Құстар" 1. "Құстар оянды". Б.қ.: аяқты сәл алшақ қою. Қолдарды жан-жаққа созу, былғау – «құстар канат қағып жатыр». 2. "Құстар достарын шақырып жатыр". Б.қ.: тұрып, қол белде, аяқ сәл алшақ. Оң жаққа, сол жаққа бұрылу, «Шиық-шиық» деп айту. 3. "Құстар жем шұқып жатыр". Б.қ.: тұрып, аяқ сәл алшақ, қол төменде. Отыру, саусақпен еденді соғу, бастапқы қалыпқа келу. 4. "Құстар көңілденіп жатыр". Б.қ.: тұрып, аяқ сәл алшақ, қол түсірілген. Жүріспен кезектесіп, бір орында

	секіру. (дене шынықтыру)				
Бесін ас	"Қолды қалай дұрыс жуу керек». Сабынды қалай дұрыс ұстау, қолды сабындау, оны сұрту керектігін түсіндіру. Тәрбиеші қолды не үшін жуу керектігі жайлы сұрақ қояды. Кейін шараның орындалу ретін айтады, түсіндірме жасай отырып көрсету: Алдымен сабынның жан-жағын сипалаймыз, кейін оны сабын салғышқа салып алақанымызды сипаймыз — бірі екіншісін, енді саусақтарды айқастырып "кірпі" жасаймыз. Артынан қолды қалай сұрту керектігін көрсету. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу "Саяхатшылар әні". Мақсат-міндеттер. Балаларға жиһаздар туралы түсінік беру; ойын арқылы жиһаздармен және оның түрлерімен таныстыру; жиһаз атаулары арқылы балаларды байланыстыра сөйлеуге дағдыландыру; жиһаздың күнделікті өмірдегі маңызы	Аз қозғалмалы ойын «Таяқшадан өт» Мақсат-міндеттер. Балаларды серуендеуге, адымдауға жаттығу. Бөлменің ортасындағы еденге екі таяқ параллель қойылады (1 м қашықтықта). Бөлменің бір жағында орындықта жалаушасы бар орындық орналастырылған. Балалар бөлменің	Сурет салудан ойын-жаттығу "Жұлдыздар". Мақсат-міндеттер. Балаларды қылқалам түгін бояуға малып, "көк аспанды" қылқаламның ұшымен біркелкі қимылдар жасай отырып, нүкте қылып дақтар басып, толық бояуға үйрету; қылқалам түгіндегі бояудың бітуін байқап, бояуға қайта малуға жаттықтыру; қылқалам ізі ретінде	Мүсіндеуден ойын-жаттығу "Сақина". Мақсат-міндеттер. Балаларды ермексаздың бір бөлігінен домалатып, сопақшалап, таяқша илеп жаттықтырып, дайын таяқша ұштарын бір-біріне тигізіп қосуға үйрету; өз әрекеттерін белгілі жүйеге салуға дағдыландыру. Балаларды түс пен пішінді қабылдауын, танымы мен зейінін	Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу "Ұшақ". Мақсат-міндеттер. Балаларды ұшақпен таныстыра отырып, оның басқа көліктерден маңызды айырмашылықтарын ажырата білуге үйрету; ұшақтың негізгі бөліктерін атауға дағдыландыру.

	туралы ұғымдарын қалыптастыру. Балалардың жиһаз атаулары арқылы зейіні мен зеректігін, тілі мен есте сақтауын және байқағыштығын дамыту.	екінші жағында. Бала таяқшалардан оларға қарай 2-3 қадам тұрады. Педагогтың нұсқауы бойынша ол бірінші таяққа барады, алдымен оның үстінен, содан кейін екінші таяқтың үстінен адымдайды. Орындыққа барып, жалаушаны көтеріп, жоғары көтеріп, толқынды оларды. Содан кейін ол жалаушаны орындыққа қойып, шегініп, орнына оралады. (дене шынықтыру)	пайда болып жатқан "жұлдыздарды" байқап, бос жерлерді қайта бояуға дағдыландыру; қылқаламды тіреушеге тіреп қою және тазалықты сақтауға баулу; жұлдыздардың түнде көрінетіні туралы түсініктер беру.	дамыту. Балалардың жасалған мүсінге қуануға, өзінің еңбегінің нәтижесін бағалай білуге тәрбиелеу.	
Балалармен жеке жұмыс	Тақпақты мәнерлеп оқу. Бір бұлт шықты бие болып, Бір бұлт шықты түйе болып, Бір бұлт шықты	"Зымыран". Мақсат-міндеттер. Ермексаз кесегінен шарды илеу, бағанды есу, шымшу амалдарын игерту. (мүсіндеу)	«Доппен ұшу» жаттығуы. Мақсат-міндеттер. Тілін, сөйлеу ырғағын және мәнерлілігін айту процесінде сөйлеу	Ойыншық итпен ойнау Құрал-жабдықтар: ойыншық ит. Тәрбиеші қолына итті ұстап: Күшігім менің,	«Ұшақтар» саусак жаттығуы Қане, қанат жазайық, Ұшақ боп ұшайық. Ұшып - ұшып алайық, Орнымызға қонайық.

	шошқа болып, Бір бұлт шықты қошқар болып. Қ. Мырзалиев. (сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)	Артикуляциялық жаттығу. - Ыш - ыш, ғарыш. - Ыз - ыз, жұлдыз. (сөйлеуді дамыту)	тынысын дамыту; сөйлеуді қимылдармен үйлестіру қабілеті. Құрал-жабдықтар: түрлі-түсті шарлар. Балалар қолдарында шарлармен шеңбер бойымен қозғалады және мәтінді айтады: Аспан, аспан арайлым, Саған жиі қараймын. Сені көзбен шоламын, Мен ғарышкер боламын. (сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)	күшігім, Үй күзетер пысығым. Үргені де шамалы, Тамақ берсең болғаны. Содан кейін ол итімен бірге әр балаға келеді, итті сипап, тамақтандыруды ұсынады. Бір кесе «қиялдағы» тағамды алып келеді. Бала итті тамақтандырады. Ит «жейді», «үреді» және «рахмет» айтады. (сөйлеуді дамыту)	(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)
Серуенге дайындық	"Киім-кешектер мен аяқ киімді таза ұстау туралы". Мақсат-міндеттері: балаларда мәдени-гигиеналық дағдыларды, өз-өзіне қызмет ету дағдыларын қалыптастыру. Киім-кешектер мен аяқ киімдерді таза ұстаудың маңыздылығы жайлы айту, «тиянақтылық», «ұқыптылық» түсініктерімен таныстыру, киімдегі олқылықты байқауды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Серуен	Түскі уақыттаға серуендегі бақылауды жалғастыру. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)				

Серуеннен оралу	Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету. (дербес қимыл әрекеті)
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. (коммуникативті дағдылар, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет) Мақсат-міндеттер. Кітаптардағы суреттерді қарау, ондағы таныс заттарды атау, педагогтің өтініші бойынша суреттен заттарды тауып, сұрақ қою: «Бұл кім (не)?», «Не істеді?». Қарапайым сюжеттік суреттердің мазмұнын айтып беру. Кейіпкерлердің әрекеттерін (қимылдарын) қайталатып ойнату. Суреттердің мазмұны бойынша қойылған сұрақтарға жауап беруді дамыту. Музыкалық аспаптармен ойындар. Ертеңгілікке дайындық, қыс тақырыбына байланысты әндер. (музыка) Мақсат-міндеттер. Қимылдарды музыкалық аспаптармен (бубенмен, сылдырмақпен, маракаспен) орындау дағдысын дамыту. Ересектің дауыс интонациясы мен аспапқа бейімделе отырып, әннің қайталанатын сөздерін, музыкалық сөз тіркестерінің соңын бірге айтуға ынталандыру. Балаларды кейбір музыкалық аспаптардың (барабан, бубен, сылдырмақ) таныстыру. Өнер бұрышында қыс мезгілін бояу суреттерін бояту, аққала мүсіндеу және жапсыру жұмыстарын жасау. (шығармашылық дағдылар, жапсыру, мүсіндеу, сурет салу) Мақсат-міндеттер. Құрдастарымен бірге құрастыруға баулу, олармен ойнау, қарапайым құрастыру дағдыларын бекіту: үстіне, жанына қою. Қаламды үш саусақпен, қатты қыспай ұстау, суреттің қарапайым элементтері ретінде тік және тұйықталған дөңгелек сызықтарды қағаз бетінде жеңіл жүргізу. Мүсіндеуге арналған материалдарды қолдану, қолды дымқыл шүберекпен сүрту, дайын болған бұйымды тұғырға орналастыру, жұмыстан кейін материалдарды жинауға үйрету. Балаларды бейнелерді фланелеграфта (сызықтарда, шаршыда), қағаз бетіне қойып, құрастыруға, кескінді конструктивті тәсілмен жасауға (жекелеген бөліктерден), ересектермен бірге түстерді таңдауға (қарама-қарсы түстер) үйрету. Саусақ моторикасын дамытатын ойындар. (сенсорика) Мақсат-міндеттер. Заттарды түсі, көлемі, пішіні бойынша өз бетінше зерттеу және салыстыруға мүмкіндік беру. Табиғат бұрышын зерттеу, қоршаған ортамен таныстыруға арналған ойындар.

	Мақсат-міндеттер. Дөрекілікке, сараңдыққа теріс көзқарас қалыптастыру; басқа балалармен бірге, келісіп ойнауға, бір-біріне көмектесуге және жетістіктеріне, әдемі ойыншықтарға бірге қуануға баулу. «Дұрыс», «дұрыс емес», «қауіпті» түсініктерімен, серуенде және сумен, құммен ойындарда қауіпсіздік ережелерімен (лас суды ішпеу, құмды шашпау, тастарды лақтырмау) таныстыру, өсімдіктер мен жануарларға сүйіспеншілік таныту және қамқорлық жасау.
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)	Әңгімелесу: "1-2 жасар балалар үшін үстел ойындарын таңдау ерекшеліктері", "Ойыншықтардың материалдары мен сапасы", "Ойыншықтар не үшін керек?".

Тексерген: Бекишева М.А. 